

## Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігінің жекелеген мәселелері

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 30 маусым 1993 ж. N 565. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.08.03. N 809 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігінің қызмет ауқымының кеңеюіне және құрылымының өзгеруіне байланысты Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі орталық аппараты қызметкерлерінің саны оның құрылымына Қазақстан Республикасының Зейнетакы қоры орталық аппараты қызметкерлерінің енгізілуі есебінен 41 адамға ұлғайтылсын.

Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі орталық аппаратына арналған қызмет басындағы жеңіл автомобильдер лимиті 2 автомобильге көбейтілсін.

Орталық аппаратқа берілетін қызметкерлер санын және автокөлікті қаржыландыру республикалық бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылатын болып **б е л г і л е н с і н .**

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігіне қосылған адамдар санын және автокөлікті ұстауды қаржыландыру ісін он күн мерзім ішінде қамтамасыз **е т с і н .**

2. Министрліктің орталық аппаратындағы адамдар санына қарай Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігінің орынбасары **қ ы з м е т і н                    қ о с ы м ш а                    е н г і з с і н .**

3. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігі мен оның жер-жерлердегі органдары Қазақстан Республикасының Зейнетакы қоры кредиттерін бөлуші болып есептелсін.

4. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі кәсіпорындардың, ұйымдар мен мекемелердің еңбекақы төлеуге қаржы алу кезінде Қазақстан Республикасының Зейнетакы қорына беретін міндетті жарнаны уақытында аударып отыруына қатаң бақылау жасау туралы республиканың барлық банктеріне тиісінше нұсқау берсін .

5. Қазақстан Республикасының Зейнетакы қорының басқармасы Қазақстан Республикасы Зейнетакы қорының қаржыларын шоғырландыру және оны

Қазақстан Республикасы Зейнетақы қорының қаржыларын пайдалану бөлігінде кірісі шығысынан асатын тұтынушыларға одан әрі жедел қайта бөлу үшін қажетті құжаттардың әзірленіп, қабылдануын қамтамасыз етсін.

6. Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау басқармаларының қарауына берілген Зейнетақы қоры филиалдарының басқару органдарын қаржыландыру облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдерімен келісім бойынша берілген штат саны қысқартылмай, жергілікті бюджеттің қаражаты есебінен жүзеге асырылатыны еске алынсын.

7. Қазақстан Республикасының Ғылым және жаңа технологиялар министрлігі Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігіне мемлекеттік қолдауға зәру топтар есебін алудың бірыңғай жүйесін құру, мемлекеттік жәрдемақылардың төленуіне жедел бақылау жасау және зейнетақымен қамсыздандыру мәселелерін шешу үшін есептеу мен іс техникасын бөлуді көздейтін болсын.

8. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі жылдық болжам жоспарда Қазақстан Республикасының Халықты әлеуметтік жағынан қорғау министрлігінің қызметкерлеріне тұрғын-үй бөлуді көздейтін болсын.

*Қазақстан Республикасының*

*Премьер-министр*